

**№75 жалпы білім беретін орта мектеп
Кешенді тәрбие жұмысының 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары
ТҮСІНІК ХАТ**

№75 жалпы білім беретін орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығымен бекітілген Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған 2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттамасындағы «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып құрылды.

Тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланып, жүргізіледі:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

Негізгі басым бағыттарға қоса оқушы өмірінің қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу, балалар мен жасөспірімдер бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, оқушылардың өзін-өзі басқару органы мен жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру, тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысын бақылау, тәрбие жұмысы жүйесінің мониторингілеу жұмыстары жоспарланды.

2022/2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын, Роза Бағланованың 100 жылдығын, Қазыбек бидің 355 жылдығын, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығын, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығын, сондай-ақ Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығын мерекелеуге және дайындауға ерекше назар аудару қажет.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асады.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балалардың және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өз-өздерін танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

№75 жалпы білім беретін орта мектебі тәрбие бағытының мақсаты:

Оқушылар бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік тілді құрметтеу, халық дәстүрлерін дәріптеу, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу; ой-өрісі кең, эстетикалық талғамы жоғары, рухани адамгершілік қарым-қатынасқа дайын тұлға тәрбиелеу;

№	Тәрбие жұмысының аяқтауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету			
	1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІV Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.			
	II. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар			
	Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.			

1.1	«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» алғашқы білім сағаты	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Класс жетекшілер	қыркүйек
1.2	"Тіл – алтын қазына" тілдер мерекесіне шаралар.	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	ДТДЖО Дукалова А Таңатарова А	Қыркүйек
1.3	«Ахмет Байтұрсынұлы-дәуірдің дара тұлғасы» жалпықазақстандық ашық диктанты	Анықтама	Таңатарова А	Қыркүйек
1.4	«Жас ұлан» оқушылар ұйымының Ұланбасын сайлау	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Тәлімгер	қыркүйек
1.5	«Қазіргі кездегі жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық» бағдарлама	Хаттама	Құқықтық ксңес	қыркүйек
1.6	«Қарттарым аяғым қатынам» Қарттар үйіне бару	Жоспар	Жасуландықтар	Қазан
1.7	«Ұстаздар-ұлы тұлғалар» Өзін-өзі басқару. Мерекелік шара	Ұйымдастыру	11 класс	Қазан
1.8	«Жол жүру ережелі, белгілері және оның қолданысы» таным сабағы	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Елдесова Д Ержанова А	қазан
1.9	«Лаңкестік қауіпі» 8-11 кл.оқушыларына арналған		АӨТД пәні мұғалімі	Қазан
1.10	«Діни экстремизмнің алдын-алу шаралары»	хаттама	Құқықтық ксңестің отырысы	қараша
1.11	1 Жас Ұлан, Жас қыран ұйымына қабылдау салтанатты жиыны	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	тәлімгер.	Желтоқсан
1.12	«Тәуелсіздік – тәңдесі жоқ байлығым» мерекелік шара «Тәуелсіздік – тұғырым». Патриоттық әндер байқауы – 2-10- кластар – Тәлімгер	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	ДТДЖО	Желтоқсан
1.13	«Ел бірлігі – тәуелсіздік тұғыры» кітап көрмесі		Ермекбаева К	Желтоқсан
1.14	«Мен заңмен қорғалғанмын ба?» 9,10 кластар Адамдық құқықты қорғау күні	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Адал ұрпақ.	желтоқсан
1.15	1. «Үлгілі үйдің қыздары» жеке кәсіпкер аналармен кездесу	Инстапарақшада орналастыру	ДТДЖО	қаңтар
1.16	«Балалардың қоғамдағы қауіпсіздігін сақтау» дөңгелек үстел	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Адал ұрпақ клубы	Ақпан
1.17	Поэзия, ән байқауы мұғалімдер арасында	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Тәлімгер	Ақпан
1.18	«Роза Бағланованың 100 жылдығы» әдеби сазды кеш.	Іс шара	ДТДЖО	Ақпан
1.19	«Ауыл мен қала» рухани жаңғыру жоспарына сай 6-7 класс оқушыларының арасында видеоролик байқауы	Инстапарақшада орналастыру	Класс жетекшілер	Наурыз
1.20	«Діни экстремизмнің алдын алу шаралары»	Анықтама .мектеп	Адал ұрпақ.Калиева К.	наурыз

	Профилактикалық ақпараттандыру	парақшасына жариялау		
1.21	Әскери – әскери шеру, патриоттық хор сайыс	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Нұрбаев Қ.	Сәуір
1.22	«Жасөспірім және заң» бейнероликтер көрсетілімі	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Адал ұрпақ Кармысова А.	Сәуір
1.23	Зұлмат жылдар – жан жарасын 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне Түйетөбеге апару		Ермекбаева К.	Мамыр
1.24	«Сыбайлас жемқорлық туғызатын құқық бұзушылық және олар үшін жауаптылық» эссе жазу байқауы	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Адал ұрпақ. Қазақ тілі, құқық, тарих пәні мұғалімдері	Мамыр
1.25	«Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» 7-мамыр ҚР қарулы күштерінің құрылған күніне және 9-мамыр Ұлы Жеңіс күніне арнайы мерекелік шара	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	ДТДЖО	Мамыр
1.26	«Бейбіт күн жасасын әлемде...» ардагерлерді құттықтау	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	ДТДЖО	Мамыр
1.27	«Жасасын Жасұландар!» кеш	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	тәлімгер	Мамыр
2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жаңғырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.				
2.1	«Мектепке жол» акция	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
2.2	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Біз оқимыз» атты 5 минуттық кітап оқыту жұмысы	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Ермекбаева К	Қыркүйек
2.3	«Айналана қуаныш сыйла» көңіл-күй сыйлау акциясы. 3-5кластар	Тренинг анықтама	психолог	Қазан
2.5	«29 қазан» дүниежүзілік қамқоршы күні»- қамқоршы ата-аналармен кездесулер, ашық тәрбие сағаттары, концерттік бағдарлама	жоспар	ДТДЖО	Қазан
2.6	Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталық мамандарымен кездесу		ДТДЖО	Қазан
2.7	«Менің қояр сұрағым...» (дәстүр мен гұрып) 7-11 класс қыз балалар	қыздармен ашық әңгіме	Психолог Тәлімгер, медбике	Қазан
2.8	«Бой түзеу – алдымен ой түзеу» ерте жүктіліктің	Анықтама	Психолог,	Желтоқсан

	Әділдік-алу жиналысы. 8-11 класс қыз балалары		тәлімгер, медбике	
2.9	Мұқатар Әуезовтың 125 жылдығына орай әдеби-мұзыкалық кеш	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Ермекбаева К.	желтоқсан
2.10.	«Дін – қоғам өмірінде ...»	Тәрбие сағаттар	Класс жетекші, дінтану пәнінің мұғалімі	Желтоқсан
2.11	«Исемқорлықсыз болашақ» Адалдық апталығы	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау. Қалалық олимпиадаға іріктеу мақсатында	Адал ұрпақ мүшелері	Қаңтар
2.12	«Үлгілі үйдің қыздары» жеке кәсіпкер аналармен кездесу	Іс-шара	ДТДЖО	Қаңтар
2.13	Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының ұлы көсемі» тақырыбында сынып сағаты		Класс жетекшілер	қаңтар
2.14	«Тазалық – денсаулық кепілі» жеке бас гигиенасы туралы маман кенесі	кеңес	Медбике	Ақпан
2.15	Мамандық таңдау -өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау» дебат клуб	пікірлесу	жетекшісі	Ақпан
2.16	Мектепшілік «Жыр жазамын жүрегімнен»	сайыс	Ф.К.Құлшар	Ақпан
2.17	Мен анаммен мақтанамын	Аналар үйіне бару	Психолог А.Аманова.	Ақпан
2.18	«Мамандығым-мақтанышым» дәріс 9-11 кластар		Тәлімгер	Наурыз
2.19	«Әнші-балапан» ән байқауы 1-5 сыныптар	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	ДТДЖО	Сәуір
2.20	Дінмұхамед Қонаев 110 жылдығы	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Абдигалиева Ш Қалиева К	Сәуір
2.21	«Салт дәстүрім – таусылмайтын қазынам»		Аналар мектебі	Сәуір
2.22	«Отан қорғаудағы батыл қадам» ардагерлермен кездесу	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	ДТДЖО	Мамыр
2.23	«Ештеңе ұмытылмайды, ештеңе ұмытылған жоқ» суреткормесі	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	тәлімгер	Мамыр
3. Бағыты: ұлттық тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.				
3.1	«Отбасында қыз бала тәрбиесіндегі ананың ролі»	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау		Қараша

3.2	«Мәңгілік ел тарих толқынында» (дәстүр мен ғұрып жобасы)		тәлімгер	Желтоқсан
3.3	Қош келдің Жаңа жыл мерекелік шара	Анықтама мектеп парақнасына жариялау	ДТДЖО	Желтоқсан
3.4	«Таланттарды іздейміз!» өнер байқауы	Анықтама мектеп парақнасына жариялау	Тәлімгер	Ақпан
3.5	«Өз жеріңді таны» жобасы аясында «Ақтөбем, алтын бесігім»		Абдигалиева Ш. Калиева К.	Ақпан
3.6	«Қызға қырық үйден тию» кезекті отырыс	Анықтама мектеп парақнасына жариялау	Аналар мектебі	Ақпан
3.7	«Ата-ананың қолдауы арманымының орындалуы» кәсіби бағдар дөңгелек үстел 9-11 кластар	Дөңгелек үстел	Психолог	Сәуір
3.8	Халықтар достығы-ел бірлігі мерекелік шара	Анықтама мектеп парақнасына жариялау	ДТДЖО	Сәуір
4. Бағыты: Отбасылық тәрбие Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.				
4.1	«Ата-ана - бала бағбаны» отбасы күніне орай класс сағаттары		Класс жетекшілер	Қыркүйек
4.2	«Отбасым-жыр әнім» отбасылық ән байқауы	Анықтама мектеп парақнасына жариялау	ДТДЖО	Қыркүйек
4.3	«Қызғалдақ» қыздар клубының жоспарын құру.		Тәлімгер	Қыркүйек
4.4	«Әке – Асқар тау» әкелер мектебі	Анықтама мектеп парақнасына жариялау	ДТДЖО	Қараша
4.5	«Менің анам – ең тамаша жан!» шебер класс	Анықтама мектеп парақнасына жариялау		желтоқсан
4.6	«Отбасындағы эмоционалдық ахуал» сауалнама.8-9 кластар		психолог	Қаңтар
4.7	«Мен анаммен мақтанамын» аналар мектебі	Анықтама мектеп парақнасына жариялау	ДТДЖО	Ақпан
4.8	«Интернетке тосқауыл» видеоролик дебат клубы		Жетекші	Наурыз
4.9	«Анаға қарап, қыз өсер» байқау 8-9 кластар	Анықтама мектеп парақнасына жариялау	ДТДЖО Аналар мектебі	Сәуір
5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы				

мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.				
5.1	9,11 класс түлектерін еңбекке орналауы.		ДТЖО	Қыркүйек
5.2	«Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің нышаны» ҚР Рәміздеріне 30 жыл. 5-8 кластар	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Класс жетекшілер	Қазан
5.3	«Күз жәрмеңкелері» дәнді дақылдардан көрме 1-4 кластар		Класс жетекшілер	Қазан
5.4	«Таза мектеп ауласы»		Класс жетекшілер	Қазан
5.5	«Алақай, қыс!» класпен табиғат аясында фотоколлаж дайындау	Инстапарақша	Тәлімгер	Қараша
5.6	«Өмірін игі істерге арнаған адамдар»	таным сағаты	Ермекбаева	Ақпан
5.7	Жасыл кабинет. Класс кабинеттеріне тул отырғызу		Класс жетекшілер	Наурыз
5.8	«Бұл мен.....» кәсіби бағдар бойынша мамандықтарға жарнама жасау.		Жумағалиева Ш.	Наурыз
5.9	«Үздік класс кабинеті» байқауы	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	ДТЖО	Сәуір
5.10	Таза көше. Сенбілік жұмыстар Ғаламды бірге сақтаймыз! - Қабырға газет байқауы -6-9- кл - Тәлімгер		ДТЖО	Сәуір
5.11	«Табиғаттың тамаша кезеңдері» экскурсияға шығу		Тәлімгер	Сәуір
5.12	«Қоқыссыз әлем» экологиялық мәдениет	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау		
6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.				
6.1	«Тіл білімдері» атты интеллектуалды сайыс	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Таңатарова А	Қыркүйек
6.2	«Досыңа кітап сыйла» Электрондық оқулықтарды жүктеу		Ермекбаева К.	Қазан
6.3				
6.4	«Күз ханзадасы мен ханшайымы» 5-8 класс оқушылары	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	ДТЖО	Қараша
6.5	«Елім менің» интеллектуалды ойын 9-класс (дебат клубы)	Анықтама .мектеп парақшасына жариялау	Таңатарова А.	Қараша
6.6	Дини экстремизм, терроризм туралы ақпараттандыру		АЭТД пәні мұғалімі	Қараша
6.7	«Еркін оқу кеңістігі» оқуға құштар мектеп .20		Ермекбаева К.	Жыл бойына

	минуттық оқуды ұйымдастыру			
6.8	«Есіртікісіз әлем менің әлемім»	Анықтама мектеп парақшасына жариялау	Медбике	Желтоқсан
6.9	«Тарих мұрасы» мұражайларға саяхат 5-6 кластар		класс жетекшілер жетекшісі	Қысқы демалыс
6.10	«Балаңыздың бес уақытын қалай өткізесіз?» дөңгелек үстел	Анықтама мектеп парақшасына жариялау	Аналар мектебі	Қаңтар
6.11	«Көшбасшы» интеллектуалды ойын	Анықтама мектеп парақшасына жариялау	тәлімгер	Қаңтар
6.12	«Діни сауатсыздық- діни экстремизмнің бастауы»	сауалнама	Психолог	Қаңтар
6.13	Мен және интернет		Тәлімгер	Қаңтар
6.14	«Әлеуметтік желі дерт пе, әлде қажет пе?» пікірталас		Таңатарова А.	Сәуір
6.15	"Терроризмнен азат ел!" сурет көрмесі		Тәлімгер	Сәуір
7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық сапасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.				
7.1	«Тіл-алтын қазына» қабырға газетін шығару		Тәлімгер	Қыркүйек
7.2	Ұшқыр ой алаңы. Дебат клубының жоспарын, құрамын бекіту		Таңатарова А.	Қазан
7.3	Мен кәсіпкерлер әлемінде» мамандармен кездесу	Анықтама мектеп парақшасына жариялау	9-11 класс жетекшілері	Сәуір
7.4	Қазақстанның 100 жобасының кейіпкерімен танысу, кездесу. Дебат клуб	Анықтама мектеп парақшасына жариялау	Таңатарова А.	Ақпан
7.5	«Үлгілі үйдің қыздары» мамандармен кездесу	Анықтама мектеп парақшасына жариялау	Аналар мектебі	Ақпан
8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілігімен қарау құндылығын қалыптастыру.				
8.1	1.«Денсаулық фестивалі-2022» денсаулық марафоны	Анықтама мектеп парақшасына жариялау	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Қыркүйек
8.2	«Күш атасын танымас» спорттық жарыс	Анықтама мектеп парақшасына жариялау	Тәлімгер Дене пән мұғалімі	Қыркүйек

8.2	«Дерматомикоз,қышыма ауруларының алдын-алу» 1-11 кластарға түсіндірме жұмыстары	Түсіндірме жұмыстары	медбике	Қыркүйек
8.3	Маркобекет жылдық жоспарын құру	Жоспар	медбике	Қыркүйек
8.5	«Мен жарқын болашақты қандаймын». Ұлттық алкогольден бас тарту күніне		медбике	Қазан
8.6	«Салауатты Қазақстан» Желтоқсан Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне тәрбие сағаттар	Анықтама	Класс жетекшілер	Қараша
8.7	«Салауатты өмір салтын ұстан!» қабырға газеті		Тәлімгер, класс жетекшілер	Желтоқсан
8.8	«Біз нашақорлыққа қарсымыз!» сурет байқауы	Анықтама	Ермекбаева К.	Желтоқсан
8.9	«Аулақ бол жаман әдеттен!» Қабырға газеті		тәлімгер	Наурыз
8.10	«Салауатты өмір салтын сақтаймыз!» отбасылық спорттық шара	Анықтама ,мектеп параклпасына жариялау	Аналар мектебі	Сәуір
8.11	Қазақ спорты. Ер балалар арасында эстафета	Ұйымдастыру	Альбеков Ж, Тәженов П. Үйірме жетекшілері	Мамыр

**2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының
жылдық қорытынды талдауы**

Мектебіміздегі тәрбие жұмысының мақсаты: оқушылар бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік тілді құрметтеу, халық дәстүрлерін дәріптеу, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу; ой-өрісі кең, эстетикалық талғамы жоғары, рухани адамгершілік қарым-қатынасқа дайын тұлға тәрбиелеу;

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілік пен қабілеттілікке бірте-бірте баулу;
- Отандық және дүниежүзілік мәдениетке бейімдеу;
- Қазақстан Республикасында қазақ және басқа ұлттардың салт-дәстүрін, тарихын оқу, мемлекеттік және басқа тілдерті меңгеру;
- Кешенді тәрбие бағыттарын класс жетекшілер барлық кластарда оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты тиімді пайдалану;

№75 жалпы білім беретін орта мектеп 2022-2023 оқу жылын 491 оқушымен бастап, жылды 492 баламен аяқтадық.. 3 мектепалды даярлық тобы және 1-11 кластар арасында 23 класс комплектісі бар және Өзін өзі басқару, Жас Ұлан бірыңғай балалар жасөспірімдер ұйымы жұмыс жасайды.

Жыл басындағы барлық оқушы саны	Жыл аяғындағы барлық оқушы саны	Класс комп саны	МАД
491	492	23	3

Әлеуметтік паспорт



№	Әлеуметтік санаттар	жыл басында		жыл соңында	
		бала саны	%	бала саны	%
1	барлық оқушылар	491	100 %	492	100 %
	отбасы түрі бойынша				
2	толық отбасылар	449	91 %	450	91 %
3	толық емес отбасылар	16	3 %	16	3 %
4	анасы жоқ балалар	1	0%	1	0%
5	әкесі жоқ балалар	25	5 %	25	5 %
6	көп балалы отбасы	249	51 %	251	51 %
7	аз қамтамасыз етілген отбасы	80	16 %	84	17 %

Тәрбие жұмысы негізгі 8 бағытта жұмыс жасайды.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру бағыты бойынша 1-қыркүйек Білім күніне орай «Сыңырлы сырлы қоңырау!» салтанатты жиыны және 1-11 кластарға «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Терең білім, еңбекқорлық және Отаншылдық қасиет» тақырыптарында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.



1 қазан - халықаралық қарттар күніне орай, «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында 1-4 класс оқушылары қарт ата-әжелерге концерттік бағдарламаларын ұсынса,



мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары №1 әлеуметтік қызмет көрсету орталығына барып мерекелік концерт қойып, 5-11 оқушылары атынан жемістер мен тәттілер ұсынылды.



Ұстаздар күніне орай дәстүрлі өзін – өзі басқару шарасы ұйымдастырылып, биылғы жылғы түлектеріміз өздерінің ұстазға деген алғыстарын «Ұстаздар – ұлы тұлғалар!» тақырыбымен мерекелік концертке ұластырды.

«Жол жүру ережесі, белгілері және оның қолданысы» таным сабағы 5 а,ә кластарында ұйымдастырылып, орта буын білім алушыларына өмір қауіпсіздіктері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



25-қазан – Республика күніне орай оқушылардың елін, жерін, ұлтын қастерлеуге бағыт-бағдар беру. Отансүйгіштік, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында, 1-11 класс аралығында мерекеге орай, тақырыптық тәрбие сағаттар өткізілді. Мерекеге арнап 2 а класс оқушылары "Жаңа Қазақстан-жарқын болашақ!" атты мерекелік концерт көрсетіп, патриоттық сезіммен ән айтып, ұлттық рухта би биледі.



8	жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0		0	
9	мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	10	2%	9	2%
10	азаматтығы жоқ білім алушылар	0			
11	басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0		0	
12	кәмелетке толмағандар ісі жөнінде бөлімде есепте тұрғандар	0		0	
13	мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	2	0,4	2	0,4
	ата-аналарының білімі				
14	жоғары, жоғары білімнен кейінгі	127	25 %	131	25 %
15	орта	171	34 %	171	34 %
16	аяқталмаған жоғары	11	2 %	10	2 %

Мектепте әлеуметтік жүйені анықтау мақсатында, кластардың әлеуметтік жағдайын анықтау арқылы, мектептің әлеуметтік төлқұжаты толтырылды. Тәрбие негізі-баланың жас кезінде отбасында қалыптасады. Одан кейін мектепте әрі қарай дамытылады. Оқушылар бойында адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда отбасының алар орны ерекше. Осы жұмыстарды нәтижелі жүргізу, үшін мектепте ата-аналардың құрамы анықталды. Барлық кластар бойынша ата-аналардың мекен-жайларына тұрмыстық жағдайын зерделеу актісі бойынша мектептің жалпы әлеуметтік статусы анықталды.

Оқу жылының басында жалпы бала саны -491, оның ішінде қызы -261, ұлы – 230. Оқу жылының соңында 492, оның ішінде қызы – 267, ұлы -225.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары бойынша мектепшілік «домбыра», «волейбол», «футбол», «баскетбол» үйірмелері жұмыс жасайды. Мектепшілік спорт секцияларының тиімділігі мақсатына сай салауатты өмір салты қағидаларын шұғылданушылардың бойына сіңіруі, спортқа әуесқой және кәсіби деңгейде шұғылдану үрдісін ұйымдастыру, жарыстарға дайындау. Домбыра үйірмесі білім алушылардың қызығушылығының жоғары екендігін көрсетті. Осы оқу жылы ашылып, 30 оқушы домбыра аспабын, дәстүрлі ән жанрын меңгеруде. Мектепшілік, қалалық жарыстардан үйірме қатысушылары белсенділікпен қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Қосымша білім беру орталықтарымен байланыс жақсы қалыптасқан. Мектептен тыс мекемелердегі үйірмелерден «Қалалық техникалық шығармашылық Орталығы» ММ бейсермен тоқу, радиотехника үйірмесі, «Қалалық жас туристер стансасы филиалына «Жас эколог» бағыты бойынша оқушылар қатысады. Үйірмелерге балалардың қызығушылығы өте жоғары.

Барлық оқушы саны	Мектепшілік үйірмеге қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірмеге қатысатын оқушылар саны	%
492	107	22%	118	24%

қызметкері, майор Кутанов Ізбасқан Шабанұлы кездесу өтіп, оқушылармен патриоттық, рухтық тәрбиеге толы әңгіме-сұхбат жүргізілді. Бастауыш сыныптарына “ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН ҰМЫТПА” ұранымен тәрбие сағаттар, іс шаралар өтті.



“Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет” мектепшілік құқықтық онкүндік жоспары аясында “Әлімжеттік жасау-әлсіздік...” тақырыбында “Жас Ұлан” ұйымының мүшелерімен дөңгелек үстел өткізілді.



1 мамыр мерекесіне орай “Еркін ел ұрпағы” атты жалпыұлттық патриоттық диктант жазу шарасы өтті.



9 мамыр Жеңіс күні мерекесі, К.Нокин ауылындағы «Ешкімде, еш қашанда ұмытылмайды» ескерткішіне гүл шоғын қоюдан басталды. Ұлы Жеңістің 78 жылдығы қарсаңында Украинка елді мекенінің тұрғыны, Тыл ардагері Габитова Асия Гарифуллиновнаны №75 ЖББОМ ұжымы мерекемен құттықтап, оқушыларымыз ардагерімізге өлең шумақтары мен ән шырқап әжеміздің батасын алды. Мақсат: білім алушылар бойында патриоттық сезім оятып, Отанға, туған жерге деген құрмет көрсету.



22 мамыр күні, Ақтөбе облысы ТЖД “Жедел құтқару” жасағы қызметкерлері мектеп оқушыларына “Жаз мезгіліндегі суда шомылу ережелері”, “Қауіпсіздік шаралары” тақырыптарында дәріс оқып, практика жүзінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жолда жүру ережелері туралы тоқсанына бір рет профилактикалық түсіндірме жұмыстар, тәрбие сағаттар өтеді.

16- желтоқсан Тәуелсіздік күні қарсаңында 2, 5 класс оқушылары Республикалық Жасұлан бірыңғай балалар ұйымына қабылдау мектепішілік салтанатты жиыны өткізілді. Мерекеге орай барлық кластарда ашық тәрбие сағаттары өткізіліп, «Болашақ» шаңырағының ұйымдастыруымен патриоттық сезімге толы мерекелік концерт ұйымдастырылды. Концерт осы жылы өз жұмысын бастаған «Әуесқойлар» театрының «Тасада өскен гүл» қойылымымен басталып, желтоқсан оқиғасында, тәуелсіздік жолында құрбан болған аға-апаларымызды еске алумен жалғасты. "Желтоқсан-тәуелсіздік бастауы" тақырыбында кітап көрмесі жасалынды. Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету.



Құқықбұзушылықтың алдын шараларына тоқталатын болсақ: 14-25 қараша аралығында «Құқықбұзушылықтың алдын-алу – басты міндет» тақырыбында онкүндік өткізілді. Он күндік барысында жасөспірімдер арасындағы келеңсіздікті анықтау сауалнамасы, спорттық жарыс, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын. «Жасөспірім, Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» тақырыптарында тәрбие сағаттары.



“Заң талабы бәріне ортақ” тақырыбында 9-11 класс ер балаларына Ақтөбе қаласы Астана және Алматы аудандарының біріктірілген қорғаныс істер жөніндегі басқармасының

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтары-мен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Биылғы оқу жылында атаулы даталарға байланысты, 5 қыркүйек- тілдер мерекесіне орай «Тіл - тірегім» атты апталық аясында мектеп оқушылары «Тіл - алтын қазына» тақырыбында қабырға газетін шығарды. «Тілім барда - мен бармын» мәнерлеп оқу челленджі ұйымдастырылды. 7 сыныптар арасында «Тіл білгірлері» атты интеллектуалды сайыс өткізілді. Сайыс төрт кезеңнен құралды. Әрбір кезеңде екі топ өз білімдерін көрсетіп, белсенділік танытты. 6-10 сыныптар арасында ұйымдастырылған "Алаш қозғалысының қайраткері" атты облыстық А.Байтұрсынұлы өлеңдерін мәнерлеп оқу челленджіне мектебімізден А.Таңатарова, А.Ерекеш, А.Дукалованың жетекшілігімен оқушылар қатыстырылды. Осы мереке қарсаңында тарихи өмірінде орны айрықша зор тұлға - Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай халықтық тәлім-тәрбиелік ойларының негізінде оқушылар бойына адамгершілік, ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту; ақын, қоғам қайраткері, педагог-ұстаздың құнды мұраларын дәріптеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында 8 класс оқушыларына «Ахмет – ұлт ұстазы» фильмінің таныстырылымы өткізілді.



. «Қызғалдақ» қыздар мектебінің «Қыз өсірсен ұятымен....» тақырыбындағы жиналыста қыз балаларға мектеп формасын сақтау, жеке бас гигиенасын сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түрлі тренинг пен топқа бөлінген тапсырмаларда қыздар өз ойларын ортаға салып, еркін пікір алмасты..



Сонымен қатар «Дін мәселері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталық» қызметкері Орынбай Мәди Орынбайұлы оқушыларға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын өткізді. Кездесу барысында «Діни сауаттылық - қоғам қауіпсіздігі» деген тақырыпта, жастарды жалған діни ағымдардың арбауынан сақтандыру мақсатында өткізілсе, қараша айында жалпы ата-аналар жиналысында экстремизмнің алдын алу тақырыбында сөз

қозғаған болатынбыз. Яғни, жалған діни ағымдарды дәстүрлі діндерден қалай ажыратуға болатындығы жөнінде жан-жақты түсіндіру.



Дәстүрлі күз мезгілінің мерекесінде 5-8 класс аралығында "Күз ханшайымы мен ханзадасы" байқауы өткізіліп, қатысушылар таныстыру, өз өнерлерін көрсету, сән үлгілері бойынша бәсекелестікпен қатысып, нәтижесінде бас жүлдені 6 а класс оқушылары жеңіп алды. Ал 9-11 класс оқушылары арасында мектепшілік Ретро стильде би кеші ұйымдастырылды



3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностармен этикалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету

Қыз балаларына "Ерте жүктіліктің алдын алу шаралары" тақырыбында қалалық Қарғалы ауруханасының гинеколог маман дәрігері Адаялиева Айбала Муратовна және мектебіміздің мейірбикесі түсінік жұмыстарын жүргізді. Жиында қыз балаларға жеке гигиеналық тазалық, осы өмірдегі болашақ ана ретіндегі міндеттері туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ мектеп психологі Н.Кулбаева қыздарға арнап психологиялық тренинг өткізді.: Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу.



Мектебімізде Егеменді еліміздің болашағы дарынды ұрпақтарға арналған, Республикалық, облыстық, қалалық әртүрлі білім, ғылым, өнер, спорттық сайыстардан жетістікке жеткен дарынды оқушыларымыз марапаттау «Дарындылар шеруі» болып өтті



Імамыр Достық мерекесіне орай үлкен ұлттық мерекелік фестиваль болып өтті.



4.Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық педагогикалық күзінеттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Отбасы тәрбиесі бағыттары бойынша отбасы құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; әдет-ғұрыптарды құрметтеу мақсатында түрлі форматта шаралар ұйымдастырылды.

Жыл басында отбасы күніне орай «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбымен бірыңғай тәрбие сағаттары өтті, «Отбасы – ұлтың тірегі» инстапарақшада әр отбасыдан ерекше бейнеқұттықтау байқауы, «Отбасым – менің байлығым» фотоколлаж жариялау.



«Отбасым – жыр әнім» атты отбасылық ән байқаулары өтіп, жүлделі орын иеленген отбасылар сыйлықтармен марапатталды.



Сәуір айында отбасы күніне орай Қалалық жас туристік станциясының нұсқаушыларының көмегімен отбасынан 5 бала, 4 бала мектебімізде оқитын отбасыларға спорттық, туристік жарыс ұйымдастырылды. Шараға Қазақстан патриоты, Спорт жұлдыздары редакторы келіп қатысып, өз журналында мақала жариялайтынын айтты.





Отбасы күні қарсаңында мектебіміздің абыройын асқақтатып, қалалық жалпы білім беретін мектептер арасында ұйымдастырылған «Отбасы – өмір айнасы» отбасылық байқауына Шамшиндер отбасы қатысып, I орын иеленіп келді.



5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі бойынша «Күз жәрмеңкелері» дәнді дақылдардан көрме 1-4 кластар аралығында өтті.

18 қазан «Дүниежүзілік мекендеу орнын қорғау» күніне орай, қала әкімінің бастамасымен ұйымдастырылған жалпы қалалық таза сенбілікке ұстаздармен бірге, оқушылар және ата-аналар ауызбіршілікпен атсалысып, мектеп ауласына абаттандыру, тазалау жұмыстарын жүргізді.



Жасыл кабинет. Класс кабинеттеріне гул отырғызу, тазалығын сақтау, жалы жыл соңына дейін қадағаланып, Ең үздік кабинет байқауы өтіп, жеңімпаздары марапатталды.

Сәуір, мамыр айларында қалалық Таза қала акциясы болып, екі ай бойына сенбілік жүргізіліп, мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар “Қызғалдақ” қыз балалар клубының жоспарына сәйкес рухани кездесу өткізілді. Кездесу қонағы Алтын алқа иегері, Жоғарғы соттың төсбелгісінің иегері, Анаға тағзым орталығының медиаторы Бибігүл Әбдішүкірқызы «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында ашық әңгімелесіп, 10 баланың анасы қыздарымыздан өз кеңесін, ақылын аямады.



“Күмбірле, сазды домбыра!” атты жас күйшілер мен дәстүрлі ән байқауы ұйымдастырылды. 1 - 5 класстар аралығында “Әнші балапан” байқауы өткізілді. Байқаудың өзіндік шарттары мен мақсаттары сай өткізілді. Бүлдіршіндердің өнерге деген қызығушылығы мен талаптары өте жоғары деңгейде көрсетілді.

Құстар – табиғаттың керемет тіршілік иелері. Құстарға ерекше қарап, қорғап жүрген білім ордамыздың оқушылары қанатты достарына арнап, қамқорлықтарын көрсетіп ұялар жасады.

Наурыз айында ауыл тұрғындарына үлкен ұлы мерекеміз тойланды. Үлкен іс шарадан бөлек әр класта әр ауыл наурыз мерекесінің салт-дәстүрлерін көрсетіп, өнерлерін ортаға салды. Онлайн форматта атамның ақ батасы, қыз балалар арасында Анаға қарап қыз өсер байқалары болып өтті.



6,7 клас оқушылары арасында Көш басшы 2023 интеллектуалды ойыны,



Әлеуметтік желі керекпе, әлде дерт пе? тақырыбында дебат клубының ойыны, «Баланың құқықтар мен міндеттері» тақырыбында дебат клубының шағын турнирі өткізілді. Жалпы дебат клубы 2021-2022 оқу жылынан бастап өз жұмысын бастады. Жетекшісі Таңатарова Айгүл. Көшбасшылыққа, ораторлыққа бейім дебат мүшелерін іріктеп алып жұмысын жүргізуде, биылғы оқу жылында қалалық бірнеше шағын турнирлерден жүлделі орындарымен марапаттары бар.

"Жас барыс" дебат клубы және мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ" атты Қазақстан Республикасының президенті Қ.Ж. Тоқаевтың жолдауын оқушы-жастар арасында кеңінен насихаттау мақсатында №75 ЖББОМ және №74 ЖББОМ қатысуымен желілік-қоғамдастық мектептерінің арасында кіші пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды. Турнирге өз мектептерінен іріктеліп шыққан 6 фракция қатысты. Турнир барысында командалар А және Б топтарына бөлініп іріктеу ойындарын өткізді. №75 ЖББОМ келген "Метеорит" дебат клубы ерекше көзге түсті, себебі топтық кезеңнен абсолютті жеңіспен шықты. Қатысушылар жартылай және финалдық ойындарында өз бақтарын сынап, төмендегідей нәтиже көрсетті.



8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психоло-гиялық денсаулық сақтау дағдылары, оған зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. жыл сайын қыркүйек айында «Денсаулық күні» мерекесі дәстүрлі атап өтіліп, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында таңғы жаттығудан бастау алған іс – шаралар ұйымдастырылды. “Күш атасын танымас” спорттық сайысы, 9-11 кластар арасында жүгіруден марафон, 6-7 класс оқушыларына “Біз бақытты баламыз” флешмобы ұйымдастырылды.



1-желтоқсан Спидпен күрес күніне орай 7 а, 8 а, 8 ә кластарында тәрбие сағаттары өткізіліп, адам баласын азғырар зиянды әдеттерден жастарға бойын аулақ ұстауға бағытталған "Салауатты өмір салтын ұстан!" ұранымен 6-9 класс оқушылары қабырға газеттер көрмесін жасады.

Мектепте бір кітапханашы, 1 әлеуметтік педагог, 1 психолог жұмыс жасайды. Сенім телефонына қоңырау түскен жоқ. Сенім жәшігіне екі тоқсан бойынша 3 хат келіп түсті, мазмұнына сәйкес кеңес беріліп, жеке жұмыстар жүргізілді.

Жыл бойына оқушыларымыз қалалық, облыстық, республикалық деңгейде түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орын алған оқушыларымыз көп болды. Мұның дәлелі 117 бала шеруде жүріп өтті.

Қосымша білім беру орталықтарына соның ішінде қалалық жас туристер станциясына оқушыларымыз қатысады және жалпы тығыз байланыстамыз. Аталған үйірме 22 қараша күні Туризм қырандары тақырыбымен спорттық-туристтік жарыс өткізді.

Құқық бұзушылық кеңесі жыл басында бұйрықпен бекітіліп, жоспары жасалып, жұмыстар жүргізілді. Жоспар бойынша алғашқы жұмыстарға мектепшілік сәтсіз отбасын анықтау, дін жолында, яғни ата-анасы намаз оқитын отбасыларды анықтау, тәуекел тобына жататын оқушыларды анықтап, жұмыстану. мектеп бойынша сәтсіз отбасы анықталған жоқ, ата-анасы намаз оқитын 4 отбасы (12 білім алушының ата-анасы), өгей әкемен тұратын 4 отбасының баласы анықталды. Анықталған отбасындағы оқушылар мектептегі қоғамдық шараларға белсенді қатысады, мектепшілік ақысыз спорт секцияларына қамтылған.

Құқықтық кеңес 11 адамнан құралған, төрайымы мектеп директоры М.Серикғалиевна. жоспар бойынша ай сайын бір отырыс, яғни жыл бойына 9 отырыс, қажет болған жағдайда

«Қоқыссыз әлем» экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында сәуір айы бойына мақалатура жиналып, «Қоқысқа екінші өмір сыйлаймыз!» ұранымен үлкен эко шара өткізілді. Бұл шарадан түскен қаражат, яғни қағазды өлшеп тапсырғандағы түскен ақша құны – 9125 теңгені құрады. Бұл қаражат күні кеше өткен «ТехноFIRST – 2023» балалар техникалық шығармашылық фестивалінде мектеп атынан өнер көрсеткен роботтехника үйірмесінің қатысушыларына өз жұмыстарын қорғау үшін баннер жасатуға жұмсалды. Аталған фестивальден оқушыларымыз Базарбай Алдияр мен Жалғасбай Берікжан 1 орын иеленіп келді.

6.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік құру. Бұл бағытта жасалған жұмыстар Өзін-өзі басқару, яғни мектебімізде Жас ұлан бірыңғай балалар және жасөспірімдер ұйымы бар, оны жетекшілік етіп отырған 1 аға тәлімгеріміз, жыл басындағы жоспарланған жұмысы бойынша шараларын жүргізді. 19-23 қыркүйек аралығында мектепішілік Жасұлан ұйымына Ұланбасы сайлау мектеп парақшасына жарияланып, 23 қыркүйек үміткерлер сайлау алды бағдарламаларын қорғап, 5-11 класс оқушыларының дауыс беру нәтижесінде Ұланбасы болып 8- класс оқушысы, Орынбаева Махаббат тағайындалды.



8.06 күні мектебіздегі "Balaland" жазғы мектеп лагерінің ашылу салтанаты өтті. Лагерь тәрбиешілері түрлі персонаждарды сомдады. Сонымен қатар ЖК "Ахметова А" мектеп жанындағы лагерьде демалып жатқан білім алушыларға балмұздақ таратып, балаларға көтеріңкі көңіл - күй сыйлады.



7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлілігін дамыту.

кезектен тыс құқық кеңесінің отырысы болады. Кеңес отырыстарында кәмелетке толмаған жасөспірімдердің өз құқығын білуі, бос уақытын тиімді пайдалануы, қылмыстан, құқықбұзушылықтан, жаман әдеттен аулақ болуы туралы айтылады.күнделікті сабаққа қатысым, мектеп формасы, мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтауы бақыланады. Сонымен қатар тақырыптық, танымдық сабақтар ұйымдастырылады. Зиянды, жаман әдеттерден сақ болу, ерте жүктіліктің алдын алу туралы медбикенің дәріс сабақтары, мектеп инспекторының «Заң және біз», кешкі уақыттағы үй-жайдан алыс болмау туралы, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстары, «Жолдан абай бол!» «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыптарында тәрбие сағаттары, қыз балалар арасында «Менің қояр сұрағым...», «Бой түзеу- алдымен ой түзеу» тақырыптарында дәріс сабақ, Ш.Абдигалиева, А.Кармысованың ұйымдастыруымен «Қоғамды тану құқықтан басталады», «Біздің таңдауымыз құқықтық мемлекет» тақырыптарында құқықтық сағаттар өткізілді.

Мектепте мектепішілік тіркеуде тұрған 2 оқушы бар. Мектептің ішкі тәртібін сақтамағаны үшін, мектепте олқы мінез көрсеткені үшін, қыз балалар арасындағы кикілжің үшін Айсағым Іңкәр мен Мұратжан Махаббат наурыз айында мектепішілік тіркеуге алынды. Жыл аяғына дейін мектеп психологі, класс жетекші тәрпынан жұмыстар жүргізіліп, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының тарапынан қадағалау болды.

Кәсіби бағдар бойынша оқу жылының екінші жарты жылдығында қаламыздың барлық дерлік орта, жоғары оқу орындары мектебімізге келіп кәсіби бағдар бойынша 9, 11 класс оқушыларына түсіндірме жұмыстарын өткізді. Одан бөлек 9 класс оқушыларын мамандық таңдауға бағыт бағдар беру мақсатында Ақтөбе қалалық ауылшаруашылық колледжіне, Ақтөбе құрылыс және монтаждау колледжіне апарып колледж тынысымен таныстырып қайттық.

Мектебімізде «Ұлағат» әке мектебі, «Өнеге» аналар мектебі, «Ұшқыр ой» дебат клубы, «Жан жылуы» еріктілер клубы жобалары жұмыс жасады.

Әкелер мектебінің жетекшісі – Нұсқабаев Қуандық. әкелерге қыс айларында шаңғы тебу, нысананы көздеп ату жарыстары өтті, “Отбасындағы ер баланың тәрбиесі” тақырыбында Кеңеске ҚР Ауған соғысы ардагерлерінің орталық кеңесінің төрағасы, “Құрмет”, “Парасат” ордендерінің иегері Қойлыбаев Марат Айтуғанұлы қатысумен кездесу өтті. ер бала тәрбиесін тілге тиек етіп, әкелеріміз белсене қатысып, өзекті ойларымен бөлісті.

Аналар мектебінің жетекшісі: Битимбаева Назгүл. Осы оқу жылында “Өнеге” аналар мектебінің жоспары аясында “Мен анаммен мақтанамын” атты шеберлік сағаты өтті. Шеберлік сабаққа аспазшы, кондитер, шаштараз, тігінші, шебер, шармен безендіруші аналарымыз қатысты. Аналарымыз жоғарғы класс қыздарына өздері айналысатын кәсіп түрлерінің қыр-сырымен бөлісіп, шеберліктерін көрсетті. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – ана. Олай болса, қыз баланы тәрбиелеуде ананың рөлі қандай? Осы сұрақтың төңірегінде мектебімізде кезекті Аналар кеңесі өткізілді. Кеңеске журналист, телерадио жүргізушісі, “Айсын” радио мектебінің жетекшісі Байтакова Айсын Мүрсінқызы, «Бақытты отбасы» орталығының психологиялық қызмет көрсету бөлімінің мамандары келіп ақыл-кеңестерімен де бөлісті.

Психолог жұмысы бойынша жыл басында 1, 5, 10 кластар бойынша мектепке бейімділік, адаптациядан өтуін бақылау мақсатында психодиагностика жүргізілді. Сонымен қатар 6-7 класс оқушыларына темперамент және мазасыздықты анықтау барысында сауылнамалар жүргізілді. 8-11 класс аралығында стресс, депрессия, мазасыздықты анықтау үшін DASS сауалнамасы алынды. 5-8 кластарға «Бұзылған телефон», «Менің көңіл-күйім қандай?», «Өткел», «Айдаһар, принцесса, самурай» «Мұнара құру» және т.б тренингтер өткізілді. 11 класс оқушыларына ҰБТ-ке байланысты «ҰБТ-ы деген не?», «Стресті қалай жеңуге болады?», «Бізді ҰБТ күтіп тұр», «Мен қазір және болашақта» т.б тренингтер өткізілді.

Токсан сайын жоспарланған жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды.

Қыркүйек айында болған жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналар комитетінің мүшелері сайланып, мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырылды.

6 қараша «Баланың бас ұстазы – ата-анасы» тақырыбымен жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында қоғамдағы өзекті тақырыптарда ата-аналарға

түсіндірме, кеңес беріліп, түрлі тренинг жүргізіліп, ата-аналардың ұсыныс тілектері тыңдалып кері байланыс жасалды.

Осы оқу жылы бойынша оқушылар қалалық, облыстық, республикалық әр түрлі жанрда байқауларға онлайн, оффлайн форматта қатысып жақсы жетістіктерге жете білді. Жыл бойына оқушылар және ұстаздар жетістігі мектептің mektep 75 парақшасына жарияланып отырды.

Ұсыныс:

1. Мектептен тыс мекемелермен(ҚОС, Достық үйі, Шығармашылық үйі, Театрлар, Жас натуралистер стансасы) жүйелі қарым-қатынаста болу;
2. Ағартушылық жұмыстар бойынша(семинарлар, тәжірибе тарату жұмысы) жұмыстану.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



А.Аманова

№ 1 педагогикалық кеңес
отырысында қаралды.
" 31 " 08 2022ж

«Бекітемін»
Мектеп директоры М.С.Наменова
" 12 " 09 2022ж



**№ 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша
2022 -2023 оқу жылына арналған тәрбие
жұмысының жоспары**